



Бекітілді
№10 «Құлыншақ» бөбекжай
директоры: Р.У.Бағытова
№1 педагогикалық
кеңес шешімі 31.08.2021ж

2021^ж – 2022 оқу жылының
мектепалды даярлық «Қошақаным»тобына арналған
«Халық ауыз әдебиеті»вариативтік компонентінің
жылдық
перспективалық жоспары

Вариативтік компонент «Халық ауыз әдебиеті»

Түсіндірме жазба

«Халық ауыз әдебиеті» бөлімі балаларды еркін сөйлеуге, тез жаттауға, тез ойлауға дағдыландыратын қызмет. Расында да тілдік мәдениет, әдеби тіл, тілдік, сөздік қордың молайуы оқылған ертегіні мазмұндап айту, сурет бойынша әңгімелеу, кез – келген сұраққа толық, нақты жауап беруден басталады. Баланың байланыстырып сөйлеуін тәжірибелік іс – әрекеттердегі оның сөздік шығармашылығы арқылы дамыту. Міне осы «Халық ауыз әдебиеті» вариативті бөлімі балалардың жан – жақты дамуына өте зор әсер етеді. Ересектер топтарында инварианттық пәндерден басқа бірнеше вариативтік ұйымдастырылған оқу қызметтері өтеді. Осы «Халық ауыз әдебиеті» ұйымдастырылған оқу қызметі аптасына 1 рет жүргізіледі жылына 36 сағат. Пәннің жоспарын құру барысында негізгі материалдар ретінде мақал – мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, ертегілер, аңыз әңгімелер, өтірік өлеңдер, шешендік өнер, баталар, айтыс өнері, батырлар жыры тақырыбы көтерілген. Сол сияқты ұлттық салт дәстүрлер мен ұлттық ойындар туралы да материалдар енгізілген.

Мақсаты: Баланың күнделікті өмірде кездестіретін заттарын түрлі – түсті, қызықты, сюжетті суреттер арқылы атау, көрсету, табу тәсілдерін пайдаланып, тілдік дүниетанымын арттыру. Тәрбиенушілерді ойната отырып, табиғи тілдік ситуацияларға түсіру, олардың қарапайым, өздеріне қажетті коммуникативті дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: Балалардың тілдік қатынас жасау дағдыларын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылықтарын дамыту; балалардың жалпыға ортақ зат есім, етістік, үстеу, сын есім және қосымшалармен пассив және белсенді сөздіктерн кеңейту, тілдің грамматикалық құрылымын, дыбыстық мәдениетті, байланыстырып сөйлеу әдістері қарастырылды.

Күтілетін нәтиже: Балалар өз елінің мәдениетін, әдеби жанрларын біледі, үйренеді, өз әңгімелерінде үлкендермен бөлісе алады. Халық ауыз әдебиеті туралы түсініктері қалыптасады. Өз ұлтының әдебиетіне деген сүйіспеншілік сезімдері оянады.

Вариативтік компонент «Халық ауыз әдебиеті»

№	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс - тәсілдері	Көрнекі құралдар	Сағ ат сан ы
1	«Халық ауыз әдебиеті» туралы түсінік беру	Балаларға халық ауыз әдебиеті туралы түсінік беру арқылы,балалардың сөздік қорын дамыту.Халық ауыз әдебиетінің түрлерімен таныстыру	1.Жылу шеңбері 2.Х.А.Ә туралы әңгімелеу 3.Сурет бой-ша жұмыстар 4.Қорытынды	Халық ауыз әдебиетіне байланысты әр түрлі кітаптар	1
2	«Халық ауыз әдебиеті»түрлері туралы түсінік беру	Халық ауыз әдебиетінің түрлерін еске түсіре отырып,қайталау арқылы әдебиетке деген қызығушылығын ояту.Өз ұлтының әдебиетіне деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу	1. «Жүректен жүрекке» 2.Х.А.Ә туралы әңгімелесу 3.Сұрақ жауап 4.Қорытынды	Ертегі,мақал-мәтел,жұмбақ кітаптар,мазмұнды суреттер	1
3	«Мақал-сөздің мәйегі»	Балаларға мақал-мәтел туралы кеңірек түсінік бере отырып мақалдардың мазмұнымен,түрлерімен таныстыру. «Мақал- сөздің мәйегі» сөзін терең түсіндіру,баланың ой өрісін,сөздік қорын молайту,тілін байыту	1.Шаттық шеңбері 2.«Мақал-сөздің мәйегі»түсіндіру 3.Д/о: «Мақалды аяқта» 4.Сөздік жұмыс 5.Қорытынды	Мақал мәтелдер жинағы,мазмұнды суреттер	1
4	Мақал – мәтелдермен танысайық	Мақал-мәтелдер туралы түсініктерін кеңейте отырып,ойлау қабілетін арттыру.Мақалдың әр түрлі тақырыпта болатынын ұғындыру(отбасы,отан,табиғат,жыл мезгілдері,жануарлар)мақал жаттату арқылы есте сақтау қабілеттерін,түсінігін арттыру.	1.Жылулық шеңбері 2.Тақырып бойынша сұрақ жауап 3.Мақал мәтелдер жаттау 4.Д/о: «Мақалды жалғастыр» 5.Қорытынды	Мақал мәтелдер жинағы,әр түрлі тақырыптағы суреттер	1
5	«Жұмбақ шешіп үйренейік»	Халық ауыз әдебиетінің бір түрі жұмбақтар туралы түсінік беру.Оның сұраулы сөйлем түрінде берілетіндігін және оның шешімі болатындығын айтып түсіндіру,жұмбақ түрлерімен таныстыру.	1.Шаттық шеңбері 2.Жұмбақтар туралы түсінік беру 3.Ребустармен сөзжұмбақтар шешу 4.Қорытынды,мадақтау	Жұмбақ кітаптар,сурет жұмбақтар,сөз жұмбақтар	1

6	«Жұмбақ түрлері»	Жұмбақтар туралы еске түсіру. Жұмбақтардың әртүрлі тақырыпта болатынын түсіндіру. Жұмбақ шешу арқылы ойлау қабілеттерін арттыру (табиғат, заттар, жануарлар, дене мүшелері)	1. Жылулық шеңбері 2. Ғажайып сәт 3. Жұмбақтар шешу 4. Қорытынды, мадақтау	Жұмбақ кітаптар, сурет жұмбақтар, ребустар, сөз жұмбақтар	1
7	«Жаңылтпашты жаңылмай айтамыз»	Халық ауыз әдебиетінің бір түрі жаңылтпаш туралы түсінік беру. Жаңылтпаштың белгілі бір жүйеде құрылып тақпақ түрінде берілетіндігін айтып жеткізу	1. Жүректен жүрекке 2. Жаңылтпаш туралы түсінік беру 3. Сөздік жұмыс 4. Жаңылтпаш жаттау	Халық ауыз әдебиетіне байланысты кітаптар, жаңылтпаштар жинағы	1
8	«Жаңылтпашты жаңылмай айтамыз»	Жаңылтпаш туралы білетіндерін еске түсіру. Жаңылтпаштың түрлерімен әріптерге байланысты құрылатын жаңылтпашты жаңылмай айтуға үйрете отырып, тілін дамыту. Әріптерді дұрыс айта білуге дағдыландыру	1. Жаңылтпаш туралы әңгімелеу 2. Жаңылтпаш айтқызу 3. Д/о: «Кім алда?» 4. Жаңылтпаштар жаттау	Жаңылтпаштар жинағы, қосымша әдеби кітаптар	1
9	«Батаменен ел көгерер»	Халық ауыз әдебиетінің бір түрі бата. Бата туралы әңгімелеп түсінік беру. Батаның түрлерімен таныстыру. (ас батасы, жас сәбиге бата, жолаушыға бата) Бата арқылы баланы мейірімділікке, адамдыққа, тіл мәдениетіне тәрбиелеу	1. Шаттық шеңбері 2. Бата туралы түсінік беру 3. Суреттер б-ша әңгіме 4. Үнтаспадан батаны тыңдау 5. Қорытынды	Баталар жинағы, тақырыпқа сай суреттер	1
10	«Батаменен ел көгерер»	Балалардың бата туралы түсініктерін кеңейту. Ас батасын қайталатып жаттау арқылы есте сақтау қабілетін арттыру. Түсінігін кеңейте отырып, мәдениеттілікке тәрбиелеу	1. Жылу шеңбері 2. бата туралы түсінік беру 3. Ас батасын жаттату 4. Балалармен қайталау жұмыстары 5. Қорытынды	Баталар жинағы, тақырыпқа сай суреттер, бейнероликтер, үнтаспа	1
11	«Қазақтың ырым – тыйымдары»	Халық ауыз әдебиетінің бір түрі ырым тыйымдар туралы түсінік беру. Ырым тыйымның ауыздан ауызға тарап, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқандығын түсіндіру	1. Сәлемдесу 2. Қазақи тыйым-ырымдары туралы түсінік беру 3. Сұрақ-жауап 4. Қорытынды	Тыйым ырымдар жинағы, суреттер	1
12	«Қазақтың ырым – тыйымдары»	Балалардың ырым – тыйым туралы түсінгенін еске түсіре отырып, күнделікті өмірде ырым сөздерді айтып, түсін	1. Жылулық шеңбері 2. Қайталау 3. Ырым – тыйымдар жаттату	Тыйым сөздер жинағы, мазмұны тақырыпқа сай	1

		діріп жаттату арқылы сөздік қорларын байыту	4.Қорытынды,мадақтау	суреттер	
13	«Айтыс өнері»	Халық ауыз әдебиетіндегі айтыс өнері туралы және олардың түрлері туралы түсінік беру(жануарлар,қыз бен жігіт) Айтысудың мақсатын түсіндіру арқылы айтыс өнеріне қызығушылықын арттыру	1.Шаттық шеңбері 2.Айтыс туралы әңгімелеу 3.Атрибуттар арқылы жануарлар айтысын ұйымдастыру 4.Сөздік жұмыс	Айтыскер ақындардың суреттері,кітаптар,атрибуттар	1
14	«Айтыс өнері»	Балалардың айтыс өнері туралы түсініктерін қайталау арқылы еске түсіру.Жануарлар айтысын оқып,балаларға жаттатып,қайталау арқылы қызығушылығын арттыру.Мазмұнын түсіндіру	1.Сәлемдесу 2.Сұрақ жауап арқылы қайталау 3.Жануарлар айтысынан үзінді жаттау 4.Қорытынды	Ақындардың суреттері,кітаптар	1
15	«Аңыз әңгімелер»	Халық ауыз әдебиетінің ең көне түрі аңыз әңгімелер туралы түсінік беру. Ерте заманнан адамның ой қиялынан туындаған,ертеден ұрпаққа тарап келе жатырған шығармаларды балаларға оқытырып,есте сақтау қабілеттерін арттыру	1.Кітаптар бұрышына саяхат 2.Аңыз әңгімелердің шығу тарихын айту 3.Әңгімелерді тақырыбына қарай топтастыру 4.Қорытынды	Әңгіме кітаптар көрмесі	1
16	«Екі дос»	Аңыз әңгімелер туралы білімдерін кеңейту.Шығарманы оқып,мазмұнымен таныстыру.Кейіпкерлердің мінез құлықтары туралы білім беру.Шығарманың мазмұнын түсіндіре отырып,балаларды адамгершілікке,қайырымдылыққа тәрбиелеу	1.Жылулық шеңбері 2.«Екі дос»аңызын оқу 3.Аңыз бойынша сұрақтар 4.Балаларға әңгімелету 5.Қорытынды	Халық ауыз әдебиетіне байланысты кітаптар,аңыз,әңгіме кітаптар	1
17	«Шешендік өнер»	Халық ауыз әдебиеті туралы түсінік беру.Шешендік өнер арқылы балалардың сөйлеу қабілеттерін дамыту (Сырым шешен,Жиренше шешен)	1.Жылулық шеңбері 2.Шешендік өнер туралы түсінік беру 3.Шешендік сөздерді жаттау 4.Сөздік жұмыс 5.Үнтаспадан тыңдау	Шешендер суреттері, мен еңбектерінің жинағынан бұктеме дайындау,үнтаспа	1
18	«Жиренше шешен»	Шешендік өнер туралы еске түсіру.Жиренше шешен туралы түсіндіріп,шығармасын оқып,мазмұнын түсіндіре отырып,берер тәлім тәрбиесі мол екендігін ұғындыру	1.Сәлемдесу 2.Шешендік өнер жөнінде қайта-утаныстыру 3.Қазақтың би шешендерімен таныстыру 4.Жиренше шешен туралы түсіндіру,аңыз оқу	Жиренше шешен суреті,өлеңдер жинағы	1

19	«Монологты өлеңдер»	Екі адамның сөйлеу тілін және адамның жеткізу ойын монологты сөз деп аталатындығын түсіндіру.Балаларды монологты сөйлеуге үйрете отырып,ойлау қабілетін,сөйлеу мәдениетін сөздік қорларын дамыту	1.Шаттық шеңбері 2.Монологты өлеңдер туралы түсінік беру 3.Д/о: «Айырмашылығын тап» 4.Мадақтау,қорытындылау	Әртүрлі кітаптар,өлеңдер жинағы	1
20	«Сәлем берем үлкенге» Ө.Ақыпбеков	Монологты өлеңдер туралы еске түсіру.Балаларға монологты өлеңнен үзінді оқу,түсіндіру.Монологты сөйлеуге үйрету арқылы сөздік қорын дамыту	1.Жылулық шеңбері 2.Монологты өлеңдерді еске түсіру 3.Өлеңді оқу,мазмұнын түсіндіру 4.Балалармен бірге жаттау	Монологты өлеңдер жинағы	1
21	«Өтірік өлең»	Халық ауыз әдебиетінің бір түрі өтірік өлеңдер туралы түсінік беру.Өтірік өлеңдер шындыққа жанаспайтын өмірде арманшыл адамдардың ойынан,қиялынан туындаған көркем дүние екендігін айтып,түсіндіру.Өтірік өлеңдерді оқи отырып,балалардың ойлау қабілеттерін арттыра отырып,байқампаздыққа тәрбиелеу	1.Сәлемдесу 2.Өтірік өлең жөнінде түсінік беру 3.Өлең мен өтірік өлеңнің айырмашылығын табу 4.Өтірік өлеңді оқып талдау жасау 5.Қорытынды	Өтірік өлеңдер жинағы,Тазша бала суреттері	1
22	«Өтірік өлең»	Балалардың өтірік өлеңдер туралы түсінігін қалыптастыру,еске түсіре отырып,жауап алу.Өтірік өлеңдерді оқып,балаларға қайталату,жаттату арқылы түсінігін қалыптастыру	1.Жақсы тілек 2.Тақырып бойынша сұрақтар 3.Өтірік өлеңді қайталау 4.Өтірік өлеңді жаттау 5.Қорытынды	Өтірік өлеңдер жинағы,Тазша бала суреттері	1
23	«Ертегілер елінде»	Халық ауыз әдебиетінің бір түрі ертегі және оның түрлері(жануарлар,қиялға жайыптар,өнегелі) жайында түсінік беру.Балалардың ертегінің белгілі бір жүйеге сай құрылып, мән мағынасы болатындығын айта отырып ертегіге деген қызығушылын арттыру	1.Жылулық шеңбері 2.Ертегі түрлері жайында әңгімелеу 3.«Қарлығаш пен дәуіт»ертегісін сахналау 4.Топтастыру 5.Қорытынды	Ертегілер әлемі атты көркем ұйымдастыру,ертегі кітаптар	1
24	«Әдептілік» Ы.Алтынсарин	Балалардың ертегі туралы түсініктерін кеңейту,ертегі оқу арқылы,ертегі	1.Сәлемдесу 2.Тақырып бойынша сұрақтар	Ертегі бойынша суреттер,ертегі	1

		нің мазмұнымен таныстыру. Кейіпкерлердің мінез-құлықтары туралы білім беру балаларды адамгершілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу	3. Ертегіні оқу, әңгімелеу 4. Жеке баламен жұмыс 5. Қорытынды	кітаптар	
25	«Киелі сандар қасиеті»	Халық ауыз әдебиетіндегі Қазақстанның наным сеніміне, түсінігіне байланысты киелі сандарға байланысты айтылған ұғымдар (үш арсыз, қуат, құбыла, бес қару, жеті қат көк) жайында мағлұмат беру. Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыра отырып, тілін дамыту	1. Киелі сандар жөнінде түсінік беру 2. Санау, сурет бойынша әңгімелеу 3. Д/о: «Ажырата білесің бе?» 4. Қорытынды	Кітаптар, сандар, суреттер мен плакаттар	1
26	«Киелі сандар қасиеті»	Балалардың киелі сандар туралы түсінігін кеңейте отырып, түсінігін қалыптастыру. Әр санның қасиеті жайында мағлұмат беру, маңызын түсіндіру. Ата – бабалар ол сандарды не үшін қадір тұтқаны жөнінде айту. Балаларға қайталатып түсіндіру арқылы сөздік қорын байыту	1. Жылулық шеңбері 2. Тақырып бойынша әңгімелеу, түсіндіру 3. сұрақ-жауап 4. Қайталау 5. Қорытынды, мадақтау	Кітаптар, сандар, суреттер	1
27	«Батырлар жыры»	Отанын, жерін, елін, жаудан қорғиғын ерлік көрсеткен батырлар (Алпамыс, Қобыланды, Қабанбай, Бөгенбай, Абылай, Махамбет, Исатай т.б.) жайында айта отырып, балаларды патриоттық сезімге баулу және олардың ерлік істерін жырға қосып айтылған батырлар жайында түсінік беру	1. Жылулық шеңбері 2. Батырлар туралы әңгімелеу 3. Қазақ батырларымен таныстыру 4. Қорытынды, мадақтау	Батырлар жырлары мен батырлар суреттері	1
28	«Мен едім» М. Өтемісұлы	Балаларға қазақ батырларының суреттері бойынша таныту. Махамбеттің шағын балаларға арналған шығармасын оқу. Тыңдау мәдениетін қалыптастыру	1. Жақсы тілек 2. Сұрақ - жауап арқылы қайталау, түсіндіру 3. Өлеңді оқу, талдау 4. Қорытынды, мадақтау	Батырлар жырлары мен батырлар суреттері, әдеби кітаптар	1
29	«Ата салтын ардақтайық»	Халық ауыз әдебиеті Қазақстанның ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін (бесік той, шілдехана, тұсау кесер, сүндет той, қыз ұзату, құда түсу, ерге мінгізу т.б.) балалар санасына дәріптеп жеткізу. Ұмытып қалған дәстүрлерді қайта	1. Шаттық шеңбері 2. Салт – дәстүр туралы түсіндіру 3. Сурет бойынша әңгімелеу 4. Қорытындылау	Салт – дәстүрлер туралы суреттер, кітаптар	1

		жаңғыртып отыру керектігін бала санасына жеткізу			
30	«Тұсаукесер»	Салт дәстүрлерді еске түсіру.Бейне роликтер арқылы салт дәстүрлерді көрсетіп түсіндіру.Салт дәстүрлерге қызығушылығын арттыру	1.Жүректен жүрекке 2.Бейне таспа арқылы түсіндіру, әңгімелеу 3.Тұсаукесер рәсімін сахналау 4.Қорытынды,мадақтау	Бейне таспалар, салт дәстүрлер туралы суреттер, тұсау кесу рәсімі не қажетті құралдар	1
31	«Ұлттық ойын - ой өсірер»	Халық ауыз әдебиетінде ертеден келе жатқан ойындар(Ханталапай,асық,Ақ сүйек,көкпар,қыз куу т.б)жайында түсінік бере отырып балалардың ойын арқылы ой – өрісін дамыту.Сергектікке, ептілікке баулу	1.Жақсы тілектер 2.Ұлттық ойындар туралы түсіндіру 3.Қ/о: «Сақина салмақ» 4.Сөздік жұмыс 5.Мадақтау,қорытындылау	Ұлттық ойындар жинағы,ойынға қажетті заттар,суреттер	1
32	Ұлттық ойын «Асық ату»	Ұлттық ойындар туралы еске түсіріп, түсінігін кеңейту.Балаларға ұлттық ойындарды қайталатып айтқызу.Ұлттық ойындардың маңызы туралы түсінік беру.Ұлттық ойын ойнату арқылы қызығушылығын арттыру	1.Жылулық шеңбері 2.Сұрақ –жауап 3.Ойын: «Асық ату» 4.Мадақтау,қорытынды	Ұлттық ойындарға байланысты суреттер,кітаптар,ойынға қажетті заттар	1
33	«Төрт түлік туралы жырлар»	Х.а.әдебиетінің тағы бір жанры төрт түлікке арналып айтылған жырлар, олардың пірлері(Шопан ата,Ойсыл қара,Қамбар ата,Зеңгі баба)жөнінде түсінік беру.Осы жырларды оқи отырып төрт түлікке деген қамқорлық сүйіспеншілік сезімдерін ояту	1.Сәлемдесу 2.Тақырыпқа сай слайд тамашалау 3.Сурет бойынша әңгімелеу 4.Төрт түлік туралы түсінік беру 5.Қорытынды	Төрт түлік суреті мен слайд,жырлар жазылған кітаптар жинағы	1
34	«Төрт түлік жыры»	Балалардың төрт түлік жырлары туралы түсінігін қалыптастыру.Жырларды оқу,түсіндіру арқылы қамқорлық сезімдерін ояту.Жырларды айтқыза отырып,ойлау еске сақтау қабілетін жетілдіру.Сөйлеу мәдениетін дамыту	1.Жылулық шеңбері 2.Сұрақ-жауап 3.Слайд тамашалау 4.Д/о: «Төлін тап» 5.Мадақтау	Төрт түлік суреті мен слайд,жырлар жазылған кітаптар жинағы	1
35	«Халық ертегілері»	Балаларға қазақ халық ертегілері туралы түсінік беру.(Алдаркөсе, Қожанасыр т.б)Қазақ ертегілеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.Ертегілерді атап айту	1.Жылулық шеңбері 2.Халық ертегілері туралы түсінік беру 3.Ертегілер жөнінде әңгіме 4.Сұрақ-жауап 5.Қорытынды	Ертегілер топтамасы,тақырыпқа сай суреттер	1
36	«Шықбермес	Балаларға халық ертегілерін атап қай	1.Сәлемдесу	Тақырыпқа сай	1

	Шығайбай мен Алдаркөсе»туралы ертегісі	талату.Білетін етегілері туралы әңгі мелеп беруге ынталандыру.Халық ерте гілеріне деген қызығушылықтары мен ынта талаптарын дамыту.Кейіпкер лердің мінез құлықтарына,олардың жасаған іс- әрекетіне қарапайым си паттама беруге үйрету	2.Ертегілерді сұрақ-жауап арқылы қайталау 3.Қазақ халық ертегісін оқып түсіндіру 4.Д/о: «Қай ертегіден үзінді?» 5.Қорытынды	суреттер,кітаптар	
--	--	---	--	-------------------	--